«№4 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қамқоршылық кеңесі отырысының

ХАТТАМАСЫ

04.11.2022ж. **№2** **Жаңа Дәулет ауылы**

Қатысқандар:

1. Салманов Оразхан	Қамқоршылық кеңес төрағасы, ата-ана
2. Тастайбекова Айнұр	қамқоршылық кеңес мүшесі, жеке кәсіпкер
3. Ягнисов Сатжан	қамқоршылық кеңес мүшесі, жеке кәсіпкер
4. Дәуэн Ләззат	қамқоршылық кеңес мүшесі, аудандық мәслихат статисі, қоғамдық кеңес хатшысы
5. Фазылбек Абылай	қамқоршылық кеңес мүшесі, облыстық жастар ресурстық орталығының басшысы
6. Жексенбаев Қадырбек	қамқоршылық кеңес мүшесі, Дәулет селолық округінің бас маманы
7. Буркиталиев Бахтияр	қамқоршылық кеңес мүшесі, жеке кәсіпкер

Күн тәртібінде

1. Қазақстан Республикасы Президенті атынан өткізілетін жетім және әлеуметтік қолдауға жататын аз қамтылған, көпбалалаы отбасы балаларына арналған жаңа жыл шыршасына қатысатын балаларды анықтау

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы Салманов Оразхан өз сөзінде: қазіргі таңда мектепте мүжәлсіз отбасы балалары өте көп екендігін, аталмыш оқушылардың тұрмыстық жағдайларының төмендігіне байланысты көмекті қажет ететіндігін айта отырып, жылына 1 рет ұйымдастырылып отырған президент атынан өткізілетін жаңа жылдық шырша мерекесіне көпбалалы, аз қамтылған және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларды қатыстыру керек –деді. Жалпы мектебімізде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 6 білім алушы, жартылай жетім 123 отбасы, көпбалалы отбасының балалары 342, аз қамтылған отбасы балалары 354, барлығы 825 отбасының балалары білім алады. Комиссия мүшелері оқушылардың әлеуметтік картасына орай, жаңа жыл шыршасына 9-13 жас аралығындағы білім алушылар қамтылатын болғандықтан, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 6 оқушының 2-уі 13 жастан асқан, 4 оқушысы өткен жылы қамтылған, жартылай жетім

отбасы балалары арасында да жоғарыдағыдай талаптарды ескере отырып, олардың ішінде де 3 жылға дейін қамтылған оқушылардың барлығы, жас ерекшелігіне сәйкес болмауы, соның ішінде комиссия мүшелерінің отбасы жағдайымен танысу барысында 2 толық емес отбасы (жартылай жетім) 4 в сынып оқушысы Карлен Абдулла, анасы 2021 жылы мамыр айында қайтыс болған, мектеп жасында 2 баласы және 1 баласы «Ақбота» балабақшасында, зейнеткер анасымен тұрады, 2 «г» сынып оқушысы Жұмабай Дамир, әкесі 2021 жылы қайтыс болған, көпбалаалы отбасы, балалары мектеп жасында, отбасы жағдайы төмен, 5 «г» сынып оқушысы Кошаков Олжас, анасы мүгедек(туылғаннан ұршықтан шығып туу), сарай жалдап тұрады, осы жағдайлары ескеріле отырып алынды. Сондықтан әлеуметтік педагогпен біріге отырып, жоағырда көрсетілген санаттағы балалардың әрқайсысының үйлерін барып, отбасы жағдайларымен танысуды, қалған көмекке мұқтаж оқушылардың да алдағы уақытта әртүрлі бағыттағы шараларға қатыстыру, өздеріміздің де көмектесуімізді жолға қою және мектеппен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасауды қолға алуды басты назарға алу керектігі және аталған оқушылардың жаңа жыл шыршасына баратындығы туралы айтып өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелерді қарай және талқылай келе комиссия шешім шығарды

ШЕШІМ

Комиссия отырысының шешімі бойынша Кошаков Олжас 5 «г» сынып оқушысы, (анасы жалғызбасты) Жұмабай Дамир 2 «г» сынып оқушысы (әкесі қайтыс болған) және Карлен Абдулла 4 «в» сынып оқушысы (анасы қайтыс болған) жан басына шаққанда күн көрісі төмен отбасылардан шыққан (жартылай жетім) оқушылар президенттік жаңа жыл шыршасына қатыстырылсын.

Осындай шараларға баратын оқушылар жан-жақты қаралып, әділ жолмен қамтылуы жолға қойылсын;

Кеңес төрағасы **О.О.Салманов**

Кеңес хатшысы **А.Қ.Орынбасарова**